

№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Педагогикалық әдеп кеңесінің отырысы

Тақырыбы: Әдеп нормаларын бұзушылықтарды талдау және шешу жолдары

ХАТТАМА № 4

Қатысқаны: 20

Қатысқандар: Балабақша әкімшілігі,
педагогтар, қызметкерлер

Өткізілген күні: 07.04. 2025 ж

Өткізілген уақыты: 12:30

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Әдеп нормаларын бұзуға қатысты орын алған жағдайларды қарастыру.
2. Әдеп бұзушылыққа әсер ететін себептерді анықтау.
3. Педагогтардың әдеп бұзушылыққа жол бермеу үшін мотивациялық шараларды енгізу.

ШЕШІМДЕР:

1. Әдеп бұзған педагогтарға тәртіптік жаза қолдану туралы ескерту беру.
2. Барлық қызметкерлер үшін мотивациялық бағдарламалар ұйымдастыру.
3. Әдеп нормаларын бұзушылыққа жол бермеу үшін педагогтар арасында моральдық-этикалық кодекс қабылдау.

Мазмұны:

Менгеруші С.С.Баймағамбетова соңғы айда мекемеде орын алған бірнеше әдеп бұзушылық жағдайларын талдады. Кейбір қызметкерлердің балалармен және ата-аналармен қарым-қатынас барысында сабырлылық танытпағаны және әріптестер арасында түсініспеушілік болғаны айтылды. Бұл жағдайлар ұжымдық жұмысқа және мекеменің беделіне кері әсер етуі мүмкін екені ерекше аталып өтті.

Әдеп бұзушылықтардың негізгі себептері анықталды:

1. Қызметкерлердің эмоциялық жүктемесінің жоғары болуы.
2. Жұмыстағы стресстік жағдайлардың көптігі.
3. Әдеп нормалары туралы түсініктің жеткіліксіздігі.
4. Конфликтілік жағдайларды дұрыс шешу тәсілдерінің жетіспеуі.

Мазмұны:

Әдіскер И.А. Джанадилова

Әдеп бұзушылықтарды болдырмау үшін ұсынылған шаралар:

- Әріптестер арасындағы өзара сыйластық мәдениетін нығайту.
- Қызметкерлерге эмоциялық тұрақтылықты сақтау әдістерін үйрету.
- Конфликтілерді болдырмау және шешу бойынша арнайы тренингтер өткізу.
- Қызметкерлердің жұмыс жүктемесін әділ бөлу.

Шешу жолдары:

1. Әдеп бұзушылыққа жол берген қызметкерлермен жеке әңгіме өткізу.
2. Әдеп нормалары туралы жадынамаларды әр қызметкерге тарату.
3. Әдепті бұзушылықтарды алдыналу мақсатында мекеменің этикалық кодексін қайта қарау.

Қызметкерлердің әдеп нормаларын сақтау жауапкершілігін арттыру үшін мотивациялық жұмыстар жүргізу ұсынылды. Әдеп нормаларын сақтаған қызметкерлерді марапаттау және үлгі ретінде көрсету әдісі талқыланды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Барлық қызметкерлерге педагогикалық әдеп нормаларын түсіндіру бойынша ай сайынғы жиналыс өткізу.
2. Қызметкерлер арасында ең үздік кәсіби әдеп үлгісін көрсеткендерді марапаттау жүйесін енгізу.
3. Әдеп нормалары туралы шағымдар немесе ұсыныстар түссе, оларды арнайы комиссия арқылы қарау.

Отырыс қорытындысы:

Меңгеруші С.С.Баймағамбетова барлық қатысушыларды әдеп нормаларын сақтауға шақырды және қабылданған шешімдерді іске асыру үшін жауапты тұлғаларды тағайындады. Барлық ұсыныстар мен шешімдер бірауыздан бекітілді.

Төрайым:

Кәсіподақ төрайымы:

Хатшы:

С.С.Баймагамбетова

Ж.О.Тлеумаганбетова

А.Мухамбеткалиева

